**«БЕКІТЕМІН»**

**Мектеп директоры:** **Т.Әбжәлел**

# «№25 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

# Қазалы ауданы, Қожабақы ауылы

*(мектеп №, білім беру ұйымының атауы, елді-мекен, аудан/қала атауы)*

# 2023-2024 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспары

## Жұмыс жоспарының мақсаты:

- Жүйелі жұмыс жоспарын жасау, тәрбие және психологтармен бірлескен жұмыс жоспарын құру;
- Балалардың панасыз және қараусыз қалуын алдын-алу, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтау және әлеуметтік топтағы отбасы балаларына үнемі қолдау көрсетіп есепке алу;
- Балалардың құқықтары мен мүдделерінің бұзылмауын қадағалау, зерттеу жұмыстарын жүргізу.

**Міндеті:**

- Аз қамтылған отбасы балалары мен жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құжаттарын жинақтау;
- Класс жетекшілермен бірлесе отырып, оқушылардың тұрмыстық, материалдық жағдайларына зерттеу жүргізу, әлеуметтік қолдау көрсету және білім алуына толық жағдай жасау;
- Қорғаншы және қамқоршы тәрбиешілермен байланыс орнату, қорғаншылық және қамқоршылық тәрбиеге берілген балаларға әлеуметтік қолдау көрсету жұмыстарын жүргізу және бақылау;
- Түрлі қиын жағдайлармен назарға алынған оқушыларды тіркеу, жекелеген жұмыстар жүргізу;
- Баланың жан-жақты дамуына жағдай жасау.

## Күтілетін нәтиже:

- Аз қамтылған отбасы балалары мен жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың қоғамда жарқын өмір сүруін қамтамасыз етеді;
- Бала қиындықсыз білім алуға толық жағдай жасалады, қоғамда өзін қауіпсіз сезінеді;
- Кәмелетке толмаған балалар мен жасөспірімдерге әлеуметтік қолдау көрсетіліп, бала құқықтары қорғалады;
- Болашағы дамыған, тұғыры биік еліміздің азамат,азаматшасы болатынына сеніммен қарайды

| № | Өткізілетін іс – шаралар | Орындау мерзімі | Жауапты маман | Есеп беру нысандары |
|---|---|---|---|---|
| | **І. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу** | | | |
| 1. | Әлеуметтік топтағы және мектепішілік есептегі білім алушылармен тәрбиленушілерге қолдау көрсету барысында комиссия құру. | Тамыз | Әлеуметтік педагог Қожахметов Ж | АББ |
| 2. | Мектеп асханасынан тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия құру | Тамыз | Әлеуметтік педагог Қожахметов Ж | АББ |
| 3. | 1-11 сынып оқушылары туралы толық мәліметі кестеге сәйкес жинақтау | Қыркүйек | Әлеуметтік педагог Қожахметов Ж Класс жетекшілер | Мектеп директоры |
| 4. | 1-11 класқа әлеуметтік диагностикалық куәлік (паспорт) жасау;<br>- Толық отбасылар<br>- Толық емес отбасылар<br>- Анасы жоқ балалар<br>- Әкесі жоқ балалар<br>- Көп балалы отбасы<br>- Аз қамтамасыз етілген отбасы<br>- Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар<br>- Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар<br>- Азаматтығы жоқ білім алушылар<br>- Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар<br>- Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар<br>- Мектепішілік бақылау есебінде тұрғандар<br>Ата-аналарының білімі:<br>- Жоғары, жоғары білімнен кейінгі<br>- Техникалық және кәсіптік<br>- Орта | Қыркүйек | Әлеуметтік педагог Қожахметов Ж Класс жетекшілер | Мектеп директоры |
| 5. | Мектептің әлеуметтік куәлігін (паспорт) құру; | Қыркүйек | Әлеуметтік педагог Қожахметов Ж | Мектеп директоры |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы** | | | | |
| 1. | 1-4класс оқушыларына «Сақ болайық балалар!» тақырыбында жадымана жұмысын жүргізу | Қыркүйек | Әлеуметтік педагог Қожахметов Ж | Мектеп директоры |
| 2 | «Қауіпсіз болашақ!» атты түсіндірме жұмысын жүргізу 5-11 класс | Қазан | Әлеуметтік педагог Қожахметов Ж | Мектеп директоры |
| 3 | «Барлық бала партада» атты тақырыпта сынып аралықрейд ұйымдастыру.<br>Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру. | Ай ына 2 рет | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, медбике, тәлімгер, педагог-психолог | Мектеп директоры |
| 4 | 1-11 сынып оқушыларына «Зорлық-зомбылықтың қорғану және сенім телефоны» ақпараттық түсіндірме жұмыстары | Қараша-Ақпан | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-психолог | Мектеп директоры |
| 5 | «Сыныптың жағдайы» атты тақырыпта сынып белсенділерімен жиын өткізу. | Желтоқсан | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, тәлімгер | Мектеп директоры |
| 6 | «Бала құқын білеміз бе?» атты жас ұстаздармен ақпараттық танымдық сағат өткізу. | Қазан (күзгі демалыс) | Әлеуметтік педагог Қожахметов Ж педагог-психолог | Мектеп директоры |
| **III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс** | | | | |
| | «Қолайсыз отбасы» санатына іліккен отбасымен және ондағы тәрбиеленіп жатқан оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізу | Анықталған уақыттан | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, | Мектеп директоры |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Жеке жұмыс жоспарын құру | бастап | Әлеуметтік педагог<br>Қожахметов Ж | |
| | Өмірде қиындыққа тап болған оқушыларға кеңестер беріп, әлеуметтік- психологиялық көмектер көрсету, қоршаған ортасында жеке қауіпсіздігінің сақталуына жәрдемдесу.Құқығының қорғалуын назарға алу. КЕЙС бойынша жұмыс. | Жоспар бойынша | Әлеуметтік педагог<br>Қожахметов Ж<br>Комиссия мүшелері | АББ |
| | Жетім және ата- анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың үйіне барып , тұрмыс жағдайларына бақылау жасау , зерттеу актілерін жүргізу.Жеке басының құқығын қорғау. Жеке басының құқығын қорғау. Жеке жұмыс жоспар бойынша | Жоспар бойынша | Әлеуметтік педагог<br>Қожахметов Ж | АББ |
| | Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың тізімін жасақтау.Әлеуметтік тұрмыс жағдайымен, ата – анасымен танысу;<br>Оқу – тәрбие жұмыстарымен қамтылуына бақылау жасау;<br>Жеке жұмыс жоспар бойынша | Жоспар бойынша | Әлеуметтік педагог<br>Қожахметов Ж<br>Дефектолог | Мектеп директоры |
| | Өгей әке немесе өгей ана тәрбиесіндегі оқушыларды есепке алу, жеке картатекасын жасау, оқушылардың толық білім алуына жағдай жасау және қадір-қасиетіне қол сұғылмауын қадағалау.<br>Жеке жұмыс жоспар бойынша | Жоспар бойынша | Әлеуметтік педагог<br>Қожахметов Ж | Мектеп директоры |
| | Уақытша туысының үйінде жатып білім алушыларды есепке алу, жеке картатекасын жасау, оқушылардың толық білім алуына жағдай жасау және қадір-қасиетіне қол сұғылмауын қадағалау.<br>Жеке жұмыс жоспар бойынша | Жоспар бойынша | Әлеуметтік педагог<br>Қожахметов Ж | Мектеп директоры |
| | Төтенше жағдайларға байланысты қиын жағдайларға тап болған оқушыларды құқықтық қорғау,қолдау .Матералдық көмек беру. | Мерзімінде | Әлеуметтік педагог<br>Қожахметов Ж<br>Қамқоршылық комиссия | АББ |
| | Әлеуметтік топтағы оқушылардың құқықтық қорғау, қажеттілігіне қарай көмек беру. | Өтініш түскен уақытта | Әлеуметтік педагог<br>Қожахметов Ж<br>Сынып жетекшілер | Мектеп директоры |

## IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | «Мектепке жол» акциясын өткізу | Тамыз | Мектеп әкімшілігі | АББ |
| | №64 Үкіметтің қаулысына сәйкес жалпыға міндетті оқу қорынан бөлінген қаржыны заңдылыққа сәйкес ұйымдастыру | Тамыз | Әлеуметтік педагог Қожахметов Ж Қамқоршылық кеңесі | АББ |
| | Білім алушылар мен тәрбиленушілердің бір мезгіл тегін ыстық тамақ ішу туралы аудандық білім бөлімі тағайындаған анықтамасын тіркеу. | Мерзімінде | Мектепішілік әлеуметтік көмек көрсету комиссия | АББ |
| | Білім алушылар мен тәрбиленушілердің мектепішілік және қала сыртындағы жаздық демалыс лагеріне аудандық білім бөлімі тағайындаған жолдамасын тіркеу. | Мерзімінде | Мектепішілік әлеуметтік көмек көрсету комиссия | АББ |
| | №598 бұйрықтың 109-тармақшасына бойынша ыстық тамақтың берілуін қадағалау | Айына 2 рет | Тамақ сапасын қадағалау мониторинг жүргізу комиссия | Педагогикалық кеңес |
| | Мектепшілік педагогикалық кеңестерте №598 бұйрықтың 3-тармағы бойынша ыстық тамақтың берілуі туралы баяндама жасау. | Тоқсандық пед.кеңес | Әлеуметтік педагог Қожахметов Ж | Педагогикалық кеңес |
| | Атқарылған жұмыстар есебі туралы тоқсандық жарты жылдық, талдау жасау | Алты ай сайын | Әлеуметтік педагог Қожахметов Ж | АББ Мектеп директоры |
| | ҚР Президентінің облыстық шыршасына, аудан әкімінің шыршасына әлеуметтік санаттағы балаларды қамту; | Желтоқсан | Әлеуметтік педагог Қожахметов Ж Қамқоршылық кеңесі | АББ |
| | Қорғаншы/қамқоршы және патронаттық тәрбиедегі балалардың жылдық статистикалық есебін (қаржы есебі, денсаулық анықтамасы) жасау және АББ тапсыру; | Алты ай сайын | Әлеуметтік педагог Қожахметов Ж Қамқоршы-Қорғаншы ата-ана | Қамқоршы-қорғаншы бөліміне |
| 0 | Жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалардың денсаулығын қадағалап, ай сайын мониторинг жасау және | Ай сайын | Әлеуметтік педагог Қожахметов Ж | ДТІЖО |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | гигиеналық тазалығын басты назарда ұстап, күнделікті тексеріп отыру. | | Мектеп медбикесі | |
| 1 | Жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалармен әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың денсаулығын профилактикалық –медициналық бақылаудан өткізу. | Алты ай сайын | Әлеуметтік педагог Қожахметов Ж Мектеп медбикесі | АББ |
| 2 | Сынып жетекшілерден сыныбындағы әлеуметтік топтағы оқушылардың сабаққа қатынасуы, баланың жеке жай-күйі туралы есептік кезең жүргізу. | Ай сайын | Әлеуметтік педагог Қожахметов Ж сынып жетекшілер Әлеуметтік комиссия | Мектепішілік әлеуметтік көмек көрсету комиссия |

**V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Мектепішілік есепте тұратын оқушылардың тұрғын жай актін жүргізу.Отбасымен ахуалымен танысу. | Алты айда бір рет | Әлеуметтік педагог Қожахметов Ж Сынып жетекші Педагог-психолог | Мектеп директоры |
| | Мектепішілік есепте тұратын оқушылардың ата-аналарымен байланыс орнатып, сұхбат жүргізу. | Ай сайын | Әлеуметтік педагог Қожахметов Ж ДТІЖО | Мектеп директоры |
| | Әлеуметтік тұрмысы төмен ата-аналармен байланыс орнату, қажеттілігіне сәйкес материалдық көмектер көрсету. | Өтінішке сәйкес | Мектепішілік әлеуметтік көмек көрсету комиссия | Мектеп директоры |
| | Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың қамқоршы-қорғаншы тәрбиелеушілерімен бала тәрбиесі қатысты профилактикалық жұмыс жүргізу . Отбасына рейд жүргізу. | Алты айда бір рет | Әлеуметтік педагог Қожахметов Ж | Мектеп директоры |
| | Ата-аналар жиналыстарына қатысу;Бала алдындағы ата-ана міндеттері туралы баяндама оқу. | Тоқсан сайын | Әлеуметтік педагог Қожахметов Ж | Мектеп директоры |
| | «Қауіпсіз болашақ!» атты ата-аналарға онлайн жадынама тарату. Ата-аналардың бала қауіпсіздігі үшін жауапкершілігін арттыру.Қоғамда болып жатқан теріс іс-әрекеттерден қорғану жолдарын ұсыну. | Қазан | Әлеуметтік педагог Қожахметов Ж Сынып жетекшілер | Мектеп директоры |

| VI. Диагностикалау - талдау қызметі | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Оқушылардың отбасылық жағдайын анықтау барысында анкеталық, сауалнама жүргізіп, талдау.(Мектепішілік картатека дайындау 1, 5, 10 сынып) | Қыркүйек | Әлеуметтік педагог<br>Қожахметов Ж<br>Сынып жетекші | Мектеп әкімшілігі |
| 2 | Мектепке жаңадан келген оқушыларға әлеуметтік диагностика жасау. Отбасының әлеуметтік жағдайын зерттеу.Мектепішілік картатека дайындау. | Тоқсан сайын | Әлеуметтік педагог<br>Қожахметов Ж<br>Сынып жетекші | Мектеп әкімшілігі |
| 3 | 6-11 сынып оқушыларынан «Отбасы, қоғам және мен» атты диагностикалық сауалнама жүргізу. | Сәуір | Әлеуметтік педагог<br>Қожахметов Ж<br>Сынып жетекші<br>Педагог-психолог | Мектеп әкімшілігі |
| 4 | Сынып жетекшілермен бірлесе отырып туысқанының үйінде жатып оқитын және өгей әке, өгей анамен тұратын оқушылармен жиі байланысқа шығу, тұрмыстық жағдайларын бақылау, ағарту жұмыстарын жүргізу.<br>Балалардың уақытылы үйде болуын қадағалау, ақпараттар алып отыру | Мерзімінде | Әлеуметтік педагог<br>Қожахметов Ж<br>Сынып жетекшілер | Мектеп әкімшілігі |
| 5 | Сынып жетекшілеріне сыныптағыбалаларға байланысты өзекті мәселелерді шешуге жәрдемдесу (оқушыға байланысты жеке мәселелер) | Жыл бойы | Әлеуметтік педагог<br>Қожахметов Ж | Мектеп әкімшілігі |
| 6 | Мектепішілік есептегі оқушылардың сабақтарына қатысу. Сабақ барысындағы ақпаратты тиісті мамандармен талдау. | Айына бір рет | Әлеуметтік педагог<br>Қожахметов Ж | Мектеп әкімшілігі |

**Әлеуметтік педагог:** [signature] **Ж.Қожахметов**

Бекітемін
Мектеп директоры: Әбжәлел Т

2023-2024 оқу жылында № 25 орта мектеп әлеуметтік педагогының тамыз айында атқаратын жұмыс жоспары

| реті | Атқарылатын жұмыс | уақыты | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек көрсету мақсатында комиссия құру | тамыз | Мектеп әкімшілігі |
| 2 | ҚР үкіметінің №64 қаулысына сәйкес жалпыға міндетті оқу қоры есебінен қаржылай көмек ұйымдастыру | тамыз | Қамқоршылық кеңес |
| 3 | Дәстүрлі «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын ұйымдастыру | тамыз | Комиссия құрамы |
| 4 | Мектеп асханасының оқушыларға бір мегіл ыстық тамақ беруге әзірлігін тексеру | тамыз | Мониторингтік топ |
| 5 | Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің бір мезгіл ыстық тамақ ішуі туралы аудандық білім бөлімі тағайындаған анықтамасын тіркеу | тамыз | Әлеуметтік педагог |

Әлеуметтік педагог: Қожахметов Ж

Мектептегі ыстық тамақтың берілу жағдайы туралы педкеңесте баяндау

Биылғы 2023-2024 оқу жылында № 25 орта мектепте 137 оқушы әлеуметтік қолдауды қажет етеді деп анықталып,оның 84 оқушысы жалпыға міндетті білім қоры есебінен мектеп асханасынан бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылады деп күтілуде.Бұл оқушылардың құжаттары егов порталына салынып,тиісті орыннан анықтамалары алынды.

1-4 сыныптың 91 оқушысына жергілікті қаржы есебінен бір мегіл ыстық тамақ беріледі.Тамақты жеке кәсіпкер Г.Сайлауова уақытында,жарамды күйінде жеткізіп береді отырмыз.

Тамыз айында әлеуметтік топтың 88 баласына мемлекет тарапынан 40567 теңгеден қаржылай көмек берілді.

Дәстүрлі «Мектепке жол» аясында Аудандық білім бөлімінің 2023 жыл 01 тамыздағы №114 санды хатын басшылыққа ала отырып, 2023-2024 оқу жылы қарсаңында №25 мектепте дәстүрлі «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы өткізіліп жатыр..Бұл акцияның мақсаты-әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларының мектепке келе алмауының алдын алу.Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының басшылығымен мектеп мөлтек ауданына қарасты орушыларды сынып жетекшілері түгендеп шықты.Материалдық көмекті қажет ететін (мектеп формасы,оқу құралдары) отбасы балалары белгілі болды. Анықталған оқушыларға демеушілер тарту үшін белгілі кәсіпкерлерге, шаруашылық ұжымына,мекеме басшыларына т.б белгілі тұлғаларға қайырымдылық акциясына қатысып қолдауды қажет ететін отбасы балаларына өз демеушіліктерін жасауға шақырту хаттар жолданды.

Нәтижесінде 6 сынып оқушысы Ғалымқызы Әмина,5 сынып оқушысы Сағымбай Гүлсезім,7 сынып оқушысы Арыстанқызы Ақеркеге «Агро-Өркен» ЖШС елу (50000) мың теңге көлемінде оқу құралын алуына көмектесті.2 сынып оқушысы Айтбай Нұрәлі,5 сынып оқушысы Қалдыбек Гаухарға аудандық кәсіподақ ұйымы оқу құралдарын алып берді.№25 орта мектеп директоры Әбжәлел Тайберген 6 сынып оқушысы Әйекешов Дінисламға 40000 теңге көлемінде қаржылай көмек жасады.

Әлеуметтік педагог: - Қожахметов Ж

Бекітемін
Мектеп директоры: Әбжәлел Т

2023-2024 оқу жылында № 25 орта мектеп әлеуметтік педагогының қыркүйек айында атқаратын жұмыс жоспары

| реті | Атқарылатын жұмыс | уақыты | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | 1-11 сынып оқушылары туралы толық мәліметті жинақтау | қыркүйек | Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер |
| 2 | Барлық сынып бойынша әлеуметтік диагностикалық куәлік (паспорт) жасау | қыркүйек | Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер |
| 3 | Мектептің әлеуметтік куәлігін (паспорт) жасақтау | қыркүйек | Әлеуметтік педагог |
| 4 | Қамқоршылықтағы оқушыға, ерекше білім алатын оқушыға, өгей әке,өгей анамен тұратын оқушыға,уақытша туысқаны үйінде білім алатын оқушыға және өмірдің қиын жағдайына тап болған оқушыға жеке жұмыс жоспар әзірлеу | қыркүйек | Әлеуметтік педагог дефектолог комиссия құрамы |
| 5 | №598 бұйрықтың 3-тармағы бойынша ыстық тамақтың берілуі туралы тедагогикалық кеңесте баяндама жасау | қыркүйек | Әлеуметтік педагог |
| 6 | 1-4 сынып оқушыларына «Сақ болайық балалар!» тақырыбында жадынама жұмысын жүргізу | қыркүйек | Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер |
| 7 | №598 бұйрықтың 109 тармағы бойынша ыстық тамақтың берілуін қадағалау | Айына 2 рет | Тамақ сапасына мониторинг жүргізу комиссиясы |

Әлеуметтік педагог: Қожахметов Ж

«Сақ болайық балалар!» тақырыбында жадынама

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында № 25 мектептің 1-4 сынып оқушылары үшін «Сақ болайық балалар!»тақырыбында жадынама жұмысы жүргізілді.

Жадынама жұмысының мақсаты,бастауыш сынып оқушыларының мектепке келіп,қайту кезіндегі қауіпсіздігі,амандығы.

Оқушының үйінен шығып мектепке келіп,қайту кезіндегі жол-жөнекей машиналардың жолынан өтуі және жол шетімен жүрген кезінде келеңсіз жағдайға тап болмауы үшін аса сақ болуы керек.Ауылдық жерде көлік аз, дегенмен есесіне бағдаршам болмаса жаяу жүргінші өтетін өткелдер жоқ.Сол уақытта жолдан қалай өту керек,болмаса жол шетімен жүргенде қай бағытта жүру керек екендігі ескертілді.

Көшеде келе жатып бейтаныс адамдармен амандасып,сөйлеспеуі және олардан кез-келген затты алмауы жөнінде айтылды.Біздің жерде бола қоймас,үлкен қалаларда танымайтын адамдарға алданып қалып жатқан адамдар қаншама. Бүгінгі балдырған ертеңгі ел болашағы,сондықтан олардың амандығы біз үшін қымбат.Өз қауіпсіздігімізді басты назарда ұстау әрбіріміздің басты міндетіміз. «Сақтансаң сақтармын» дегендей сақтансаң көп қауіптің алдын аларымыз сөзсіз.

Әлеуметтік педагог: Қожахметов Ж

Сақ болайық балалар!

Жаңа оқу жылдарыңызға сәттілік тілеймін! Бүгінгі балдырған ертеңгі ел болашығы.Сендердің амандықтарың біз үшін қымбат.Мектепке келіп қайту кезінде өзіміздің қауіпсіздігімізді басты назарда ұстауымыз керек.Жолда жүру ережесін білу, әрбір баланың басты міндеті. Біз ауылдық жерде тұрамыз. Бізде көшедегі жолды реттеп тұратын бағдаршамдар жоқ. Жыл сайын автомобил,мотоциклдердің көбеюіне байланысты, көше қозғалысының жол ережесін білгеніміз абзал.

Егер жаяу жүргінші жүретін жол жоқ болса,онда көлік қозғалысына қарама-қарсы жолдың оң жағымен жүргеніміз дұрыс.Жолдан өтерде бірінші солға қара,ал бөлгіш жолақтан кейін ,оңға қара.

Жақын келіп қалған көлік алдынан кенет жүгіріп шықпа.

Көшеде сен танымайтын бөгде адаммен сөйлесуге және ол адамнан ешқандай зат алуға болмайды. Күтпеген келеңсіз оқиғаға тап болуың мүмкін.

«Сақтансаң сақтармын» дегендей сақ болайық балалар.

Сақ болайық балалар!

Жаңа оқу жылдарыңызға сәттілік тілеймін! Бүгінгі балдырған ертеңгі ел болашығы.Сендердің амандықтарың біз үшін қымбат.Мектепке келіп қайту кезінде өзіміздің қауіпсіздігімізді басты назарда ұстауымыз керек.Жолда жүру ережесін білу, әрбір баланың басты міндеті. Біз ауылдық жерде тұрамыз. Бізде көшедегі жолды реттеп тұратын бағдаршамдар жоқ. Жыл сайын автомобил,мотоциклдердің көбеюіне байланысты, көше қозғалысының жол ережесін білгеніміз абзал.

Егер жаяу жүргінші жүретін жол жоқ болса,онда көлік қозғалысына қарама-қарсы жолдың оң жағымен жүргеніміз дұрыс.Жолдан өтерде бірінші солға қара,ал бөлгіш жолақтан кейін ,оңға қара.

Жақын келіп қалған көлік алдынан кенет жүгіріп шықпа.

Көшеде сен танымайтын бөгде адаммен сөйлесуге және ол адамнан ешқандай зат алуға болмайды. Күтпеген келеңсіз оқиғаға тап болуың мүмкін.

«Сақтансаң сақтармын» дегендей сақ болайық балалар.

Сақ болайық балалар!

Жаңа оқу жылдарыңызға сәттілік тілеймін! Бүгінгі балдырған ертеңгі ел болашығы.Сендердің амандықтарың біз үшін қымбат.Мектепке келіп қайту кезінде өзіміздің қауіпсіздігімізді басты назарда ұстауымыз керек.Жолда жүру ережесін білу, әрбір баланың басты міндеті. Біз ауылдық жерде тұрамыз. Бізде көшедегі жолды реттеп тұратын бағдаршамдар жоқ. Жыл сайын автомобил,мотоциклдердің көбеюіне байланысты, көше қозғалысының жол ережесін білгеніміз абзал.

Егер жаяу жүргінші жүретін жол жоқ болса,онда көлік қозғалысына қарама-қарсы жолдың оң жағымен жүргеніміз дұрыс.Жолдан өтерде бірінші солға қара,ал бөлгіш жолақтан кейін ,оңға қара.

Жақын келіп қалған көлік алдынан кенет жүгіріп шықпа.

Көшеде сен танымайтын бөгде адаммен сөйлесуге және ол адамнан ешқандай зат алуға болмайды. Күтпеген келеңсіз оқиғаға тап болуың мүмкін.

«Сақтансаң сақтармын» дегендей сақ болайық балалар.

Мектептегі ыстық тамақтың берілу жағдайы туралы педкеңесте баяндау

Биылғы 2023-2024 оқу жылында № 25 орта мектепте 140 оқушы әлеуметтік қолдауды қажет етеді деп анықталып,оның 84 оқушысы жалпыға міндетті білім қоры есебінен мектеп асханасынан бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылған.Бұл оқушылардың құжаттары егов порталына салынып,тиісті орыннан анықтамалары алынды.

1-4 сыныптың 91 оқушысына жергілікті қаржы есебінен бір мегіл ыстық тамақ беріледі.Тамақты жеке кәсіпкер Г.Сайлауова уақытында,жарамды күйінде жеткізіп беріп отыр.Жарамдылық сертификаттары бар.Мектеп жанынан құрылған комиссия құрамы тексеріп,қабылдап алып отыр.Мектеп асханасында екі қызметкер жұмыс жасайды.Олар мектеп басшысы бекіткен ас мәзіріне сәйкес оқушыларға тамақ дайындап,оқушылар кестеге сайкес келіп тамақтануда.Асхана іші таза,жарық,ыдыстары жеткілікті.Айына екі рет мектеп директоры басшылығымен тамақтың сапасына комиссия құрамы тексеру жүргізіп тұрады.

Әлеуметтік педагог: Қожахметов Ж

Бекітемін
Мектеп директоры: Әбжәлел Т

2023-2024 оқу жылында № 25 орта мектеп әлеуметтік педагогының қазан айында атқаратын жұмыс жоспары

| реті | Атқарылатын жұмыс | уақыты | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Мектепке жаңадан келген оқушыларға әлеуметтік диагностика жасау.Отбасының әлеуметтік жағдайын зерттеу.Мектепішілік картотека әзірлеу. | Тоқсан сайын | Әлеуметтік педагог,сынып жетекші |
| 2 | Сынып жетекшілерге сыныптағы балаларға байланысты өзекті мәселелерді шешуге жәрдемдесу | Жыл бойы | Әлеуметтік педагог,сынып жетекші |
| 3 | Әлеуметтік топтағы оқушылардың сабаққа қатысуы,баланың жеке жай-күйі туралы зерттеп отыру | Қазан | Әлеуметтік педагог,сынып жетекші |
| 4 | №598 бұйрықтың 109 тармағы бойынша ыстық тамақтың берілуін қадағалау | Айына 2 рет | Тамақ сапасына мониторинг жүргізу комиссиясы |
| 5 | Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың денсаулығын қадағалап,сабақ үлгіріміне мониторинг жасау | Ай сайын | Әлеуметтік педагог, сынып жетекші, мейіркеш |
| 6 | «Қауіпсіз болашақ!» атты түсіндірме жұмысын жүргізу (5-11 сынып) | қазан | Әлеуметтік педагог,сынып жетекші |

Әлеуметтік педагог: Қожахметов Ж

Оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау

2023-2024 оқу жылының қараша айында №25 орта мектеп оқушыларының сабаққа қатысуы мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,әлеуметтік педагог және сынып жетекшілер болып қадағаланды.II оқу тоқсаны барысында барлық сынып оқушылары сабақты мемлекеттік әнұранмен бастау қолға алын,күнделікті тексеріліп отыр.Себепсіз сабақтан оқушылар сынып жетекшілер арқылы зерттеліп, неге келмегені анықталып есебі берілуде.

5 сынып оқушысы Ағытай Мирас ауырып ем алуына байланысты сабаққа қатыса алмауда.Үзіліс кезіндегі уақытта тыныштықты,қауіпсіздік сақтауды яғни мектепке келген бөгде адамдарды тіркеп отыру мектеп басшысы бекіткен кестеге сәйкес кезекші қатаң бақылауда.Онымен бірге мектептің ішін,сыртын толық көрсететін бейне камера жұмыс істеп тұр.

Қазіргі кезде сабақтан себепсіз қалып отырған оқушылар жоқ.Алдағы уақытта да қадағаланатын болады.

Әлеуметтік педагог: Қожахметов Ж

«Қауіпсіз болашақ!» атты түсіндірме жұмысы

2023-2024 оқу жылының 19 қазаны күні №25 орта мектепте 5-11 сынып оқушыларына нашақорлық пен мінез-құлықтың алдын алу мақсатында бірқатар түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Бұл жұмыстың мақсаты,есірткі заттарының,ішімдік ішу мен темекі шегу.нашақорлықтың жас ағзаға тигізер зиянды әсері,келешек өмірлеріне келтірер залалы туралы айту,түсінік беру.

Шараға мектеп медбикесі Абатова Жанар мен ауылдық емхананың әлеуметтік қызметкері Бейісбаева Үрхатша қатысып,оқушылармен профилактикалық түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Бұл қәзіргі қоғамның ең өзекті проблемаларының бірі болып отыр.Нашақорлық жастардың есірткіге деген қызығушылығынан басталады.Іші пысқан немесе жаңа эмоция сезінгісі келген жасөспірім,бір рет дәмін татып көген соң,бұл әсерді тағы да сезінгісі келеді.Жас балалар есірткінің көмегімен жанұядағы проблемалардан және жағымсыз эмоциялардан арылғысы келеді. Осылайша тәуелділік туындайды.

Нәтижесінде олардың ойлау қабілеті төмендеп,достарының сенімін жоғалтып,жақындарынан айырылады.Онымен қоймай жүйке жүйесі,жүрек және бауыр қатты зардап шегеді.Ұзақ уақыт пайдалану ішкі ағзалардың жұмысын бұзады.

Сондықтан есірткі сияқты зиянды әдеттерден аулақ болып,өзін де,өзгені де салауатты өмір сүруге тәрбиелеуге шақырғанымыз жөн.Оқушылардың бойында салауатты өмір салтын берік қалыптастыру,жеке тұлғаның санасын дамыту,өмірге деген көзқарастарын қалыптастыруымыз керек.

Әлеуметтік педагог:  Қожахметов Ж

Бекітемін
Мектеп директоры: Әбжәлел Т

2023-2024 оқу жылында № 25 орта мектеп әлеуметтік педагогының қараша айында атқаратын жұмыс жоспары

| реті | Атқарылатын жұмыс | уақыты | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | «Барлық бала партада» атты тақырыпта оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру | Ай сайын | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер |
| 2 | 1-11 сынып оқушыларына «Зорлық-зомбылықтан қорғану және сенім телефоны» ақпараттық түсіндірме жұмысы | Қараша-Ақпан | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, әлеуметтік педагог |
| 3 | Өгей әке мен өгей ана тәрбиесінде тәрбиеленіп жатқан оқушы отбасы мен байланыс жасап отыру | Қараша | Әлеуметтік педагог,сынып жетекші |
| 4 | №598 бұйрықтың 109 тармағы бойынша ыстық тамақтың берілуін қадағалау | Айына 2 рет | Тамақ сапасына мониторинг жүргізу комиссиясы |
| 5 | №598 бұйрықтың 3-тармағы бойынша ыстық тамақтың берілуі туралы тедагогикалық кеңесте есеп беру | Қараша | әлеуметтік педагог |
| 6 | Мектепішілік есепте тұратын оқушылардың тұрғын жайына акт жүргізу.Отбасы ахуалымен танысу | Қараша | Әлеуметтік педагог,сынып жетекші |

Әлеуметтік педагог: Қожахметов Ж

Директор жанындағы кеңес отырысына әлеуметтік топ оқушылары туралы

2023-2024 оқу жылы бойынша 137 оқушы әлеуметтік қолдауды қажет етеді деп анықталып есепке алынды.Оқу құралы,мектеп формасын алу үшін,оқу жылының басында 88 оқушысына 40567 теңге көлемінде мемлекеттен қаржылай жәрдемақы берілді.

Мектеп асханасынан әлеуметтік топтың 84 оқушысы,жергілікті қаржы есебінен 1-4 сыныптың 91 оқушысы бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылып келеді.
Демеушілер арқылы 1 сынып оқушысы Асылханқызы Інжуге ауыл әкімі Томаев Әбілғазы,8 сынып оқушысы Әйекешов Мадиярға мектеп директоры Әбжәлел Тайберген ,9 сынып оқушысы Шарапат Арайлымға ауылдық мәдениет үйінің директоры Сәбитова Қаламқас 40 000 теңге көлемінде қаржылай көмек берді.
6 сынып оқушысы Ғалымқызы Әминаға,5 сынып оқушысы Сағымбай Гүлсезімге,7 сынып оқушысы Арыстанқызы Ақеркеге «Агро-Өркен» ЖШС ұжымы 15 000 теңгеден қаржылай көмек қолын созды.
Аудандық кәсіподақ ұйымы мектеп дефектологы Шалабаева Маралдың 2 сынып оқушысына және мектеп тәлімгері Нұрымбетова Назгүлдың 5 сынып оқушысына оқу құралдарын алып берді.

Әлеуметтік педагог: Қожахметов Ж

Бекітемін

Мектеп директоры                Әбжәлел Т

2023-2024 оқу жылында № 25 орта мектеп әлеуметтік педагогының желтоқсан айында атқаратын жұмыс жоспары

| реті | Атқарылатын жұмыс | уақыты | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | «Барлық бала партада» сынып аралық рейд ұйымдастыру | желтоқсан | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,әлеуметтік педагог,сынып жетекші |
| | Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушы отбасын бақылау | үнемі | Әлеуметтік педагог |
| | Мектеп асханасынан берілетін ыстық тамақтың берілуін қадағалау | Айына 2 рет | Комиссия құрамы |
| | Қамқоршы және патронаттық тәрбиедегі балалардың жылдық статистикалық есебін жасау және АББ тапсыру | Алты ай сайын | Әлеуметтік педагог |
| | Әлеуметтік тұрмысы төмен ата-аналармен байланыс орнату,қажеттілігіне қарай материалдық көмек көрсету | Өтінішіне қарай | |
| | Аудан әкімінің шыршасына әлеуметтік топ оқушысын қатыстыру | желтоқсан | Әлеуметтік педагог, сынып жетекші |

Әлеуметтік педагог:                Қожахметов Ж

2023-2024 оқу жылы бойынша №25 мектептің әлеуметтік педагогы Ж.Қожахметовтың желтоқсан айында атқарған жұмыстары

Мектеп бойынша оқушылардың сабаққа уақытылы келуі,мектеп партасында отырып толыққанды білім алуы басты назарда ұсталды.Кешіккен оқушылар зерттеліп ата-анасымен әрдайым байланыс орнатылды.
Қамқоршы тәрбиесіндегі 11 сынып оқушысы Әділбек Ақнұрдың тұрып жатқан үйінде болып,қамқоршысы Таймағамбетова Заврушпен сөйлесілді,отбасы зерттелді. Қамқоршысы туған әжесі.Атасы және әкесінің інісі бірге тұрады. Отбасының тұрмыс жағдайлары жақсы алаңдайтын еш себеп жоқ.
Қамқоршы жылына екі рет балаға жәрдемақының жұмсалуы жөнінде есеп береді. Алты айлық есебі желтоқсан айында аудандық білім бөліміндегі маманға тапсырылды.
Мектеп асханасы айына екі рет тамақ сапасын тексеруге құрылған комиссия мүшелерімен тексеріліп,актіленіп отырды.Тамақтың сапасы,дайындалуы, оқушыларға берілуі,асхана жағдайы,ыдыс-аяқтардың жағдайлары бақыланды.
Жаңа жыл қарсаңында аудан әкімінің шыршасына 7 сынып оқушысы Жанатбекқызы Айдина,5 сынып оқушысы Оңдаш Аяулым және ерекше білімді қажет ететін 8 сынып оқушысы Қуантаев Нұрлыбек қатыстырылды.

Әлеуметтік педагог: Қожахметов Ж

Бекітемін
Мектеп директоры: Әбжәлел Т

2023-2024 оқу жылында № 25 орта мектеп әлеуметтік педагогының қаңтар айында атқаратын жұмыс жоспары

| реті | Атқарылатын жұмыс | уақыты | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Қысқы демалыс кезінде әлеуметтік топ оқушыларының жағдайларын бақылау | қаңтар | Әлеуметтік педагог |
| 2 | Сынып жетекшілерімен бірге ата-аналар жиналыстарына қатысу | Демалыс күндері | Әлеуметтік педагог, сынып жетекші |
| 3 | Мектеп асханасының жаңа оқу тоқсанына дайындығын тексеру | қаңтар | Комиссия құрамы |
| 4 | Балалардың жаңа оқу тоқсанында сабаққа қатысуын зерттеу | үнемі | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,әлеуметтік педагог,сынып жетекші |

Әлеуметтік педагог: Қожахметов Ж

2023-2024 оқу жылы бойынша №25 мектептің әлеуметтік педагогы
Ж.Қожахметовтың қаңтар айында атқарған жұмыстары туралы

Қаңтар айының басы оқушылар үшін қысқы демалыс болғандықтан оқушылардың демалыс кезіндегі бос уақыттарын тиімді пайдалануы басты назарда болды.Сынып жетекшілері әрдайым ата-аналармен байланыста болды.Мектепте сабақтан тыс жұмыстар жіргізілді.Бастауыш сыныптар арасында «Әкем және мен» атты спорттық жарыс ұйымдастырылып,оқушылар қатыстырылды.

Сыныптар бойынша II тоқсанның үлгірімі,тәртібі төңірегінде ата-аналар жиналыстары болып,тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен бірге қатысып отырдым.

Үшінші оқу тоқсаны қарсаңында мектеп асханасының оқушыларға бір мезгіл ыстық тамақ беруге дайындығы тексерілді.

Қаңтар айында екі рет асханасы,асхана қызметкерлері беріліп жатқан тамақ сапасының бекітілген ас мәзіріне сай болуы,асхана жабдықтарының жарамдылығы, тамақ сынамасының алынып сақталуы комиссия мүшелерінің назарынан тыс қалмады.

Оқушылардың сабаққа қатысуы әрдайым тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,сынып жетекшімен бірігіп қадағанып отырды.

Әлеуметтік педагог: Қожахметов Ж

Бекітемін
Мектеп директоры: Әбжәлел Т

2023-2024 оку жылында № 25 орта мектеп әлеуметтік педагогының ақпан айында атқаратын жұмыс жоспары

| реті | Атқарылатын жұмыс | уақыты | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушы отбасын бақылау | үнемі | Әлеуметтік педагог |
| 2 | Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың оқу-тәрбие жұмыстарымен қамтылуына бақылау жасау | Жоспар бойынша | Мектеп психологы, әлеуметтік педагог |
| 3 | №598 бұйрықтың 109 тармақшасына сәйкес мектеп асханасынан ыстық тамақтың берілуін тексеру | Айына 2 рет | Комиссия құрамы |
| 4 | Сынып жетекшілермен сыныбындағы әлеуметтік топтағы оқушылардың сабаққа қатысуы мен жай-күйі туралы бақылау жасап отыру | үнемі | Сынып жетекші, әлеуметтік педагог |

Әлеуметтік педагог: Қожахметов Ж

2023-2024 оқу жылы бойынша №25 мектептің әлеуметтік педагогы
Ж.Қожахметовтың ақпан айында атқарған жұмыстары туралы

Ақпан айында бірінші сынып оқушыларының қосымша бір апта демалысы екендігі тамақ жеткізуші кәсіпкерге,асхана қызметкерлеріне алдын ала ескертілді.
Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушы отбасында болып қамқоршымен баланың үйдегі жағдайы жөнінде сөйлесілді.Оқушының мектептегі жағдайы сынып жетекшісі және пән мұғалімдерімен байланыса отырып қадағаланып отырылды.
Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар 2 сынып оқушысы Айтбай Мансұр, 8 сынып оқушысы Қуантаев Нұрлыбек,8 сынып оқушысы Айболатұлы Ерсінге сабақтың кестеге сай өткізіліп отыруы бақыланды.
Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2018 жыл 31 қазандағы №598 бұйрығы 109 тармақшасына сай мектеп асханасынан берілетін бір мезгіл ыстық тамақтың берілуі комиссия мүшелерінің қатысуымен тексерліп,актіленді.

Әлеуметтік педагог: Қожахметов Ж

Бекітемін
Мектеп директоры: Әбжәлел Т

2023-2024 оқу жылында № 25 орта мектеп әлеуметтік педагогының наурыз айында атқаратын жұмыс жоспары

| реті | Атқарылатын жұмыс | уақыты | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Мектеп оқушыларының күнделікті сабаққа қатысуын зерттеу | наурыз | Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,әлеуметтік педагог,сынып жетекші |
| 2 | Мектеп асханасына әкелінген тамақтың сапасын,жарамдылық мерзімімен қабылдау | уақытында | Комиссия құрамы |
| 3 | Мектеп асханасында бір мезгіл ыстық тамақтың берілуін бақылау | Айына 2 рет | Комиссия құрамы |
| 4 | Көктемгі демалыс күндерінде әлеуметтік топ оқушыларының беймезгіл уақытта жүрмеуін қадағалау | Демалыс күндері | Әлеуметтік педагог, сынып жетекші |

Әлеуметтік педагог: Қожахметов Ж

2023-2024 оқу жылы бойынша №25 мектептің әлеуметтік педагогы Ж.Қожахметовтың наурыз айында атқарған жұмыстары туралы

Көктем келіп күн жылынғасын оқушылардың сабаққа қатысуы қатаң бақыланды.Сонымен қатар наурыз айындағы 1 наурыз «Алғыс айту» күні, 8 наурыз халақаралық әйелдер мерекесі,жыл басы 22 наурыз мерекелерінде өткізілетін іс-шараларға әлеуметтік топ оқушыларының белсене қатысуы қадағаланды.
Бракераждық комиссияның қатысуымен мектеп асханасына келіп түскен шикі тамақтың жарамдылық мерзімі,сапасы,жай-күйі жеткілікті болуы тексеріліп қабылданды.
Сонан соң мектеп асханасынан беріліп жатқан тамақтың бекітілген ас мәзіріне сай болуы,асхана жабдықтарының жарамдылығы, тамақ сынамасының алынып сақталуы комиссия мүшелерінің назарынан тыс қалмады.
Үшінші оқу тоқсаны соңындағы көктемгі демалыс күндері,әсіресе кешкі мезгілде оқушылардың беймезгіл көшеде жүрмеуі мектеп жастарының бақылауында болды.

Әлеуметтік педагог: Қожахметов Ж

Бекітемін
Мектеп директоры: Әбжәлел Т

2023-2024 оқу жылында № 25 орта мектеп әлеуметтік педагогының сәуір айында атқаратын жұмыс жоспары

| реті | Атқарылатын жұмыс | уақыты | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Мектеп асханасының оқушыларға бір мегіл ыстық тамақ беруге әзірлігін тексеру | уақытында | Мониторингтік топ |
| 2 | 6-10 сынып оқушыларынан «Отбасы,қоғам және мен» атты диогностикалық сауалнама жүргізу | сәуір | Сынып жетекші, Әлеуметтік педагог |
| 3 | Мектеп асханасында бір мезгіл ыстық тамақтың берілуін бақылау | Айына 2 рет | Комиссия құрамы |

Әлеуметтік педагог: Қожахметов Ж

2023-2024 оку жылы бойынша №25 мектептің әлеуметтік педагогы Ж.Қожахметовтың сәуір айында атқарған жұмыстары туралы

Төртінші оку тоқсаны қарсаңында мектеп асханасының оқушыларға бір мезгіл ыстық тамақ беруге дайындығы тексерілді.Асханаға келіп түскен шикі өнімнің сапасы,жарамдылығы барлығы бракераждық комиссияның тексеруінде болды. Мектеп оқушыларынан «Отбасы,қоғам және мен» тақырыбында диогностикалық сауалнама жүргізілді.

Мектеп жанынан құрылған тамақ сапасын тексеруге құрылған мониторингтік топ мүшелерімен бірге мектеп асханасынан беріліп жатқан тамақтың бекітілген ас мәзіріне сай болуы,асхана жабдықтарының жарамдылығы, тамақ сынамасының алынып сақталуы айына екі рет тексеріліп отырылды.

Әлеуметтік педагог: Қожахметов Ж

Бекітемін
Мектеп директоры Әбжәлел Т

2023-2024 оқу жылында № 25 орта мектеп әлеуметтік педагогының мамыр айында атқаратын жұмыс жоспары

| реті | Атқарылатын жұмыс | уақыты | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Өгей әке немесе өгей ана тәрбиесіндегі оқушылардың отбасында болып бақылау | үнемі | Сынып жетекші, Әлеуметтік педагог |
| 2 | Әлеуметтік топтағы оқушыларды құқықтық қорғау және қажеттіліктеріне қарай көмек көрсету | Өтініш түскен уақытта | Әлеуметтік педагог |
| 3 | №598 бұйрықтың 109 тармақшасына сәйкес мектеп асханасынан ыстық тамақтың берілуін тексеру | Айына 2 рет | Комиссия құрамы |
| 4 | Мектеп жанынан ұйымдастырылатын күндізгі лагерге және Шағала лагеріне әлеуметтік топ оқушыларын қатыстыру | Мамыр-маусым | Сынып жетекші, Әлеуметтік педагог |

Әлеуметтік педагог: Қожахметов Ж

2023-2024 оқу жылы бойынша №25 мектептің әлеуметтік педагогы Ж.Қожахметовтың мамыр айында атқарған жұмыстары туралы

Мектебімізде өгей ана тәрбиесіндегі үш оқушы,өгей әке тәрбиесіндегі үш оқушы білім алады.Олардың отбасы тұрмыс жағдайлары зерттеліп,актіленді.
Арыстанұлы Дәулет пен Арыстанұлы Ақерке анасы ауыл емханасында еден жуушы болып жұмыс жасайды,өгей әкесі ауылымыздағы «Агро-Өркен» ЖШС-нде жұмыс істейді.Тұрмыс тіршіліктері орташа.Балалардың жағдайлары жақсы.
Март Аяннның өгей әкесі «Агро-Өркен» ЖШС-нде күрішші болып жұмыс істейді,анасы үйде,жұмыссыз.Отбасында әжелері бар,зейнеткер.Тұрмыс жағдайлары орташа.
Ғибратқызы Қарақат пен Ғибратұлы Нұрболаттың өгей анасы жұмыссыз,үй шаруасында. Әкесі «Агро-Өркен» ЖШС-нде күрішші болып жұмыс істейді.Отбасында әжелері бар,зейнеткер.Тұрмыс жағдайлары орташа.
Жеткерген Исламның әкесі вахталық әдіспен сыртта жұмыс жасайды.Өгей анасы ауылда қоғамдық еңбекте жұмыста.Отбасында зейнеткер әжелері бірге тұрады.Тұрмыс жағдайлары орташа.
Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2018 жыл 31 қазандағы №598 бұйрығы 109 тармақшасына сай мектеп асханасынан берілетін бір мезгіл ыстық тамақтың берілуі комиссия мүшелерінің қатысуымен айына екі рет тексеріліп,актіленді.
Мамыр-маусым айында мектеп жанынан ұйымдастырылған күндізгі лагерде әлеуметтік топтың 40 (қырық) оқушысы демалды.
Қазалы қаласындағы «Шағала» балаларды сауықтыру демалыс орталығында 14 (он төрт) оқушы демалуға өз өтініштерін беріп отыр.

Әлеуметтік педагог: Қожахметов Ж